



**"Мал шаруашылығы саласындағы субсидиялар көлемдерін бекіту туралы"  
Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қарашадағы № А-11/505 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № А-12/571 қаулысы.  
Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 6971  
болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5  
ақпандағы № А-2/50 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы әкімдігінің 05.02.2019 № А-2/50 ( ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мал шаруашылығы саласындағы субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қарашадағы № А-11/505 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6852 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*М.Мырзалин*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ А-12/571 қаулысына  
1-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 24 қарашадағы

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялаудың көлемі	Субсидиялаудың сомасы, мың теңге
Етті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Асыл тұқымды аналық бас	бас	11 306	226 120
1.2	Тауарлық аналық бас	бас	1 728	17 280
2.	Отандық етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын сатып алу	бас	81	12 150
Барлығы				255 550
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу			
1.1	Аустралия, АҚШ және Канада мен Еуропа елдерінен импортталған	бас	295	66 375
2.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	949	4 745
Барлығы				71 120
Етті құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	87 156	52 293,6
Барлығы				52 293,6
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	тауарлық аналық бас	бас	2 531	3 796,5
Барлығы				3 796,5
Жиыны				382 760,1

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ А-12/571 қаулысына  
2-қосымша  
Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 24 қарашадағы  
№ А-11/505 қаулысына  
2-қосымша

## Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялаудың көлемі	Субсидиялаудың сомасы, мың теңге
<b>Етті мал шаруашылығы</b>				
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағының бір тоннасы	673,5	134 699,7
2.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағының бір тоннасы	160	32 000
Барлығы				166 699,7
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>				
1. Сүт өндіру құнын арзандату				
1.1	бағымдағы аналық бас саны 600 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір тоннасы	4 850	169 750
1.2	бағымдағы аналық бас саны 400 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір тоннасы	1 500	30 000
1.3	бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір тоннасы	520	5 200
1.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі	сынақ салмағының бір тоннасы	180,8	1 807,6
Барлығы				206 757,6
<b>Жылқы шаруашылығы</b>				
1.	Бие сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	тонна	115	6 900
Барлығы				6 900
<b>Қой шаруашылығы</b>				
1.	Қозы өткізу құнын арзандату	бас	5 000	15 000
Барлығы				15 000
<b>Етті құс шаруашылығы</b>				
1. Құс етін өндіру құнын арзандату				
1.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	1 932,3	154 587,6
1.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	2 170	151 900
1.3	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	460	23 000
Барлығы				329 487,6
<b>Жұмыртқалық құс шаруашылығы</b>				
1. Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	36 171,1	108 513,4
1.2	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	9 545,5	21 000,1
Барлығы				129 513,5
<b>Жиыны</b>				<b>854 358,4</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК